



16 тамыз-Созақ ауданының Жастары күні

Құттықтау!

Болашақтарыңыз баянды болсын!

Құрметті аудан жастары!

Сіздерді 16 -тамыз - Созақ ауданы жастар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн 2001 жылдан бері тойланып келе жатқан мереке. Жастар үшін ерекше күн. Осы жылдар аралығында жастар күні халықтық думанға айналды. Көпшілік асыға күтеді.

Бүгінде ауданымызда 14-29 жас аралығында 15517 жас бар. Олар елдің ертеңі, болашақтың бастауы, мемлекетімізді дамытушы қозғаушы күш. Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-і түрлі шаралар ұйымдастырып, қоғамның барлық саласында белсенді жұмыс істеп жүр. Ізгі істің басында жүретін аудан еріктілері қарттар мен әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көмек қолын созып келеді. Жастар мәдени-патриоттық шараларда қашанда алдыңғы қатардан табылады. Өскін ұрпақтың ұлағатты істері біздің мақтаныш сезімімізді оятады.

Аудан жастары алдағы уақытта да білім мен біліктерін елімізді дамытуға, жастар саясатын жүзеге асыруға үлес қоса береді деп сенеміз.

Қадірлі жастар!

Сіздердің бастамаларыңыз сәтті, болашақтарыңыз баянды болсын!

Елімізді дамыту жолындағы еңбектеріңізге зор табыс, мықты денсаулық, береке-бірлік тілейміз!

М.ТҰРЫСБЕКОВ,

аудан әкімі,

Б.БАЙҒАРАЕВ,

аудандық мәслихаттың хатшысы.

Президент ҰҚК төрағасы Ермек Сағымбаевты қабылдады, деп хабарлайды Egemen.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық қауіпсіздік органдарында жүргізіліп жатқан жүйелі трансформациялар мен жұмыстың негізгі нәтижелері туралы баяндалды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес ҰҚК құрылымы оңтайландыры-



Мемлекет басшысы ҰҚК төрағасын қабылдады

лып, бөлімшелердің қызметтері мен міндеттері нақтыланды. Жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз ету, сондай-ақ дағдарысқа қарсы басқару жүйесіне жаңа тәсілдер енгізілді.

Ермек Сағымбаевтың айтуынша, Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмысы қайта құрылып, лаңкестік қауіпкерлерге қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруші рөлі күшейтілді. Жыл басынан бері ТҚО мемлекеттік органдардың күштері мен құралдарын тарта отырып, 400-ден астам оқу-жаттығу өткізген.

Президентке берілген мәліметтерге сәйкес алдын алу шараларының арқасында мемлекетке 900 миллиард теңге көлемінде залал келтіруі мүмкін оқиғаға тосқауыл қойылды. 37 миллиардтан астам қаржы бюджетке қай-

тарылды. ҰҚК материалдарының негізінде 791 қылмыстық іс, соның ішінде 49-ы жиі кездесетін сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша қозғалды.

Мемлекеттік шекараны қорғауды ұйымдастыру күшейтіліп, жаңа технологиялар қарқынды түрде енгізіліп келеді. Шекара арнаулы күштері құрылды. Биыл қару-жарақ пен оқ-дәрілерді тасымалдаудың 203 заңсыз әрекетінің жолы кесілді. 9 мыңнан астам шекара тәртібін бұзғандар ұсталды. Сомасы 3,5 миллиард теңгеден астам валютаның, құны 10 миллиард теңге болатын тауарлардың заңсыз тасымалдануына жол берілген жоқ.

Елдің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі жетілдіріліп жатыр. Жыл басынан бері ҰҚК техникалық қызметтері инфрақұрылым

объектілеріне жасалған 295 миллион кибершабуыл мен 2 мың DDoS шабуылдың жолын кесті.

Құқық қорғау органдарымен бірлесіп, қару іздеу, қоғамға қауіпті ұйымдасқан қылмыстық топтардың және есірткі контрабандасы арналарының жолын кесу бойынша іс-шаралар жүргізіліп келеді.

900 келіден астам есірткі және 11 тонна прекурсорлар алынып, 16 есірткі зертханасы, 24 халықаралық және 45 өңірлік есірткі арнасы жойылды. Заңсыз айналымдағы 773 бірлік қару мен 20 мыңнан астам оқ-дәрі тәркіленді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы ҰҚК органдары қызметінің бағыттары бойынша өзекті сын-қатерлер мен қауіптерді ескере отырып, бірқатар нақты тапсырма берді.

Аудан тұрғындарының назарына!



Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 “Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы” Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Қартау ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 25 тамызда сағат 11.00-де Қартау ауылдық мә-

дениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 25 тамыз сағат 12.30-да Қартау ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Қарақұр ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 25 тамыз сағат 15.00-де Қарақұр атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 25 тамыз сағат 16.30-да Қарақұр атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Созақ ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 26 тамыз сағат 11.00-де Созақ ауылдық “Айдын” бала бақша ауласында өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 26 тамыз сағат 12.30-да Созақ ауылдық “Айдын” бала бақша ғимаратында өтеді.

Сызған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 26 тамыз сағат 15.00-де Сызған ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 26 тамыз сағат 16.30-да Сызған ауылдық мәдениет үйінде өтеді деп жоспарлануда.

Қазақстандықтардың орташа зейнетақы мөлшері белгілі болды

Осы жылдың 7 айында қазақстандықтарға 1,7 трлн теңгеден астам сомаға зейнетақы төленді, деп хабарлайды Egemen.kz Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне сілтеме жасап.

2022 жылғы шілдеде республикалық бюджеттен зейнетақы төлемдеріне 243,3 млрд теңге, оның ішінде базалық зейнетақыны төлеуге – 73,9 млрд теңге, ынтымақты зейнетақыны төлеуге – 169,4 млрд теңге бөлінді.

2022 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша зейнеткерлер саны – 2 млн 247 мың адам.

2022 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері (базалық зейнетақы төлемін ескере отырып) 109 156 теңге болды.

2018 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық

зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіндегі өтілін ескере отырып, әр алушыға жеке тағайындалатынын еске саламыз.

Бұл ретте 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ынтымақты жүйеде жұмыс істеген уақыты, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) төленген кезеңдер зейнетақы жүйесіндегі еңбек өтіліне қосылады.

Егер азаматтың зейнетақы жүйесіндегі өтілі 10 жыл немесе одан аз болса, сондай-ақ егер мүлде жоқ болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54 %-ын құрайды, содан кейін 10 жылдан асқан әр жыл үшін оның мөлшері 2 %-ға артады. Мысалы, егер сіздің өтіліңіз 20 жыл болса, базалық зейнетақы төменгі күнкөріс деңгейінің 74 %-ын, ал 30 жыл болса, онда 94 %-ын құрайды. Еңбек өтілі 33 жыл немесе

одан көп болса, күнкөріс деңгейінің ең жоғарғы мөлшерінде белгіленеді.

Егер бір ай ішінде міндетті зейнетақы жарналары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бірнеше рет аударылса, жинақтаушы жүйеге қатысу мерзімі бір айды құрайды.

Осылайша міндетті зейнетақы жарналары неғұрлым тұрақты және толық көлемде аударылатын болса, зейнет жасына жеткенде базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері соғұрлым көп болады.

Өз кезегінде азаматтың жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1998 жылғы 1 қаңтардағы жұмыс өтіліне (кем дегенде 6 ай қажет) және зейнеткерлікке дейінгі кезеңдегі орташа айлық табысына байланысты болады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Тоғыз жолдың торабында тоқтам бар



Биыл «Балалар жылы» аясында аудан, облыс аумағында түрлі бастамалар мен шаралар жоспарланып, жүзеге асырылып жатыр. Сондай байыпты бастамалардың бірі бірнеше жыл-

дан бері айтылып жүрген С.Қожанов көшесі мен Ісмет Кеңесбаев көшелерінің қиылысына бағдаршам қою мәселесі болатын.

Шымкент қаласы жағынан жоғары жылдамдықпен келе

жатқан көліктердің тасқынында шек жоқ. Төменгі ауылдан мектепке өтетін, мектептен үйлеріне қайтатын балалар үшін қауіп басым қиылыс еді.

Кешелі беру бағдаршам қойылып үлкен іс атқарылды.

Міне, осындай маңызды мәселеге бей-жай қарамай салиқалы тірлік істеген аудан басшысына, аудан әкімдігі коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі бөлімінің басшысы Дулат Байзақовқа және осы ізгі іске атсалысқан азаматтарға балалардың, ата-аналардың, жалпы ауылдастарымыздың айтар алғысы шексіз!

«Созақ үні»-ақпарат.



СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРІ АЛМАС

Өнер – халық тарихының шежіресі. Осы өнер арқылы өмірдің кең тынысы, тіршілік қыбылыстары, адамның әртүрлі сезімі бейнеленеді. Сөз, әуен, қол өнер адам өмірінің сан ғасырлық тарихынан көптеген нәрсені көрсетіп, алуан түрлі сыр шертеді.

Соның бір саласы дәстүрлі қолөнер. Қолданбалы өнер дегеніміз дәстүрлі тұтыну және сәндік бұйымдарын жасайтын ұсақ өндіріс. Ұсақ өндіріс десек те, үлкен дүниелерді тудырушылар – қолөнершілер. Десе де қазіргі таңда осынау қастерлі өнердің құны жойылып бара жатқандай көрінетін кездер болатынын жасыра алмаймыз. Ішінара болмаса осы бір өнерді кәсіп етіп, бар өмірін қолданбалы өнерге арнаған жандар көп емес.

«Шеберлінің қолында, кәсіп болған бұл ағаш» деп Қашаған жырау айтпақшы ағаштан түйін түйіп жүрген сол санаулы азаматтарымыздың бірі Сейдуәлиев Алмас Нұралыұлы. Алмас 37 жыл ғұмырымызда 6 жасымыздан бірге келе жатқан сыныптасым әрі әріптесім. Бүгінгі таңда өзіміз білім алған Аққолтық ауылында орналасқан қара шаңырақ Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде ұстаздық қызмет атқаруда. 11 жыл орта білім алған соң, Шымкент қаласындағы Ә.Қастеев атындағы колледжінде білім алып, әрі қарай Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында білімін жетілдірді. Өз ісін сүйіп жасайтын ол бүгінгі таңда сол бір кенже қалып келе жатқан, төзімділік пен шыдамдылықты талап ететін дүниені оқушыларына үйретуді алдына мақсат етіп, қызығушылығы мен қабілеті бар балаларды даярлап келеді. Бүгінгі күнге дейін шәкірттерімен бірлесіп отырып неше түрлі суреттер салып, бұйымдар жасап үлгерді.

Сонымен қатар, үйірмеге қатысатын оқушылар өзінің алтын ұя мектептеріне пайдасы тиетін іспен айналысқанын мақтан тұтады. Қазақта «Шыдамы жеткен

шебер болар» деген аталы сөз бар. Қайырымдылыққа, шыдамдылық пен сабырлыққа өз шәкірттерін өнер үйрету арқылы тәрбиелеп жүрген Сейдуәлиев Алмас:

«Қазақтың қолөнері, зергерлік өнері өзінің төл тума бітім қасиетімен, көркемдік мән-мағынасымен шын мәніндегі халқымыздың ғасырлар тағылымынан өткен асыл қазынасы. Осы асыл қазынаны жоғалтпай, әрі қарай дамыту біздің болашақ жастарымыздың міндеті. «Бүгінгі кәсібің-ертеңгі нәсібің», - деп бекер айтылмаған. Ел арасында сиреп бара жатқан қолөнер шеберлерінің туындыларын, көне мұраларын тауып, оны түрлендіріп жаңғырту және ұлттық қолөнер арқылы эстетикалық тәрбие берудің бірден-бір құрамына айналдыру біздердің парызымыз, - дейді.

Жартытөбе ауыл округіне қарасты, Аққолтық елді мекенінен Алмас Нұралыұлының бастамасымен «Жарнама дамыту» орталығын ашты. Орталық түрлі бұйымдар шығарады. Жарнама саласында табысты қызмет көрсетіп жүр. Одан бөлек оқушыларға қажетті линейка (сызғыш) шығарады. Бұл ауыл үшін емес, аудандағы жаңа бастама, тың кәсіп екенін айта кетуіміз керек. Жаңа бастаманы аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы арнайы келіп көріп, Алмастың және шәкірті Еркін Ерболұлының жұмыстарымен танысты.

-Біз жаңа идеяны жүзеге асыратын адамдарды қолдауымыз керек. Жұмыспен қамту орталығына ауыл, кент округтердегі осындай тың идеясы бар азаматтарды іздестіріп, олармен жұмыс жасауды тапсырамын, - деді аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы.

Рухани құндылықтарымызды жүрегінің төріне құндақтаған Алмас бауырымызға табысты еңбек тілейміз.

**Қуаныш ЕСБЕРГЕНОВ,
Аққолтық ауылы.**

Жастар-елдің ертеңі

Тәуелсіз елдің жастары Отан үшін от кешкен, егемендік жолында жан алысып, жан беріскен ауыр кезеңді бастан кешкен ата-балалардың ерліктерін том-том тарих беттерінен оқып келеді. Ата-бабаларымыз азаттықтың ақ таңын көруді қаншама жыл аңсап, сол жолда тынбай күрескендері үшін біз мәңгі қарыздармыз. Қиын әрі ауыр кезеңді бастан кешіп ХХ ғасырдың аяғында ғана еліміздің Тәуелсіздікке қол жеткізгенінің өзі үлкен жеңіс. Бұл – біздің басымызға бұйырған ең үлкен бақ. Өйткені әлемде мемлекетті де, мемлекеттік рәміздері де жоқ қаншама халық өмір сүріп жатыр. Ал біз Көк Туымызға қарап бой түзеп, әуелеген Әнұранымызды орындағанда ерекше шабыт алып, Елтаңбамызға қарап болашаққа көз тіге аламыз. Осынау бақтың тұрақты болуы бүгінгі ұрпақтың, яғни біздің қолымызда. Егемен елдің еркін жастары ел басына туған ауыр кезеңді білмей өскен бақытты ұрпақ. Қазақ даласында болған ауыр әрі қайғылы ашаршылық, Отан үшін болған сұм соғыс бейбіт елдің жастары үшін тек қорқынышты түс секілді. Тарихта алтын әріппен жазылған мұндай оқиғалардың желісін түрлі бейнефильмдерден көріп, тарихтан оқып, жазушыларымыздың шығармалары арқылы танысқанымызда ел басына қаншама ауыр күн түскенін біліп, жүректен сезінеміз. Бізге арнайы атқан ақ таңның шапағатын қуанышпен, ешкімге тәуелді болмай қарсы алуымызға жағдай жасап, бостандықтың туын қолымызға берік ұстатқан ата-балалардың рухына Қазақстанда өмір сүріп жатқан әр адам мәңгі алғыс айтуға міндетті. Осынау ауыр кезеңнен зор сеніммен өтіп, қиын күнді қиналмай бастан өткерген, бүгінде өзгелер қызыға әрі қызғана көз тастайтын Қазақстан Республикасы қысқа ғана тарихи кезеңде орасан зор жетістікке жетіп, отыз жылда бүкіл әлемдік қауымдастыққа танылған қуатты мемлекетке айналғанын зор мақтанышпен айта аламыз. Түрлі салалар бойынша атап айтар болсақ, спортта, өнерде, ғылымда Көк Туды желбіреткен қазақстандықтардың есімдері елге және әлемге жақсы танылғанының өзі біз үшін зор мәртебе. Бұл барша халықтың жетістігі мен жеңісі. Өйткені әрбір қазақстандық белгілі бір биіктерге қол жеткізе отырып, елдің дамуына өзінің кішігірім болса да үлесін қосып келеді. Оқимын, білім аламын, спортпен, кәсіппен айналысамын деген әр адам сол саланың көзін тапса, түбінде міндетті түрде нәтижесін көретін болады. Біз, жастар, жоғарыда аталған осы қағиданы берік ұстанып, еліміздің дамуына үлес қосуға барынша тырысып бағудамыз. Оған мемлекет та-

рапынан да көп қолдау көрсетіледі. Аудан жастары өздерінің өте белсенді екендіктерін әлдеқашан дәлелдеп қойған. Ұшқыр ойлы, жалындаған жастар үнемі жаңаша іс бастап, соған барлығы бірдей атсалысып, нәтижелі еңбек етіп келеді. Алдағы уақытта да арнайы бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасайтын боламыз. Үш жыл ішінде біз қайырымдылық жұмысын кеңінен жандандырдық. Жеңіс үшін кеудесін отқа тосқан соғыс ардагерлеріне, көпбалалы отбасыларға, жалғыз басты зейнеткер ата-әжелерге, ерекше қажеттіліктері бар жандарға жақсылық жасауды негізгі әрі басты міндеттеріне айналдырдық. Алдағы уақытта да бұл қайырымдылық шарасы өз жалғасын табатын болады. Біздің белсенді ұл-қыздар көмекке мұқтаж адамдардың өтініштерін басты назарға алып, оларға міндетті түрде қолдау көрсетеді. Мәселен, маусымдық дала жұмыстары кезінде біз жалғыздікті қарт адамдарға көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге көмектесеміз. Аулаларды сырлау, әктеу, тазалау да біздің белсенді жастарға жат жұмыс емес. Пандемия кезінде еріктілер ұйымы ашылды, бұл жаңа еріктілердің келуіне көп ықпал етті. Волонтерліктен басқа біз түрлі байқаулар, форумдар, акциялар ұйымдастырамыз, квестер өткіземіз. Мұндай шараларға жастарды көптеп тарту, оларға дұрыс бағыт-бағдар беріп, бірлесіп жұмыс істеп, жақсы нәтижеге бірге қол жеткізуге бар күшімізді салудамыз. Біздің елде ұрпақтың толыққанды өсуіне, өзін-өзі дамытуына, білім алуына барлық жағдай жасалған. Мемлекет жастармен санасып, пікірлерін тыңдап, ескеріп, тіпті қажет болған жағдайда саналы, білімді де білікті жастардың кеңесіне құлақ асады. Мемлекет басшысы айтқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» деген сөзі бүгінгі таңда өз күшін жойған емес. «Кадрлық резерв» жобасы дәлел. Бұл жобаның мақсаты – жалынды жастарды биліктің жоғары сатысынан көргісі келетіндіктерін аңғартады, олар бізге сенеді. Ал осы сенімге селкеу түсірмей ақтап шығу – бізге артылған жауапкершілік. Біздің еркіндігіміз – бұл көк аспан, ал біз, жаңа ұрпақ, елдің қанаты болып табыламыз және бұл бізге жарқыраған күн сәулесінің астында қаншалықты биік және әдемі болатындығымызға байланысты. Жастар үнемі болашақ біздің қолда екенін ұмытпай, елге тек пайдасын тигізіп, ел ертеңі үшін тынбай адал қызмет етсе деймін.

**Құрманбай НҰРМАНҰЛЫ,
тілші.**

Жастар - қоғамның қозғаушы күші, егемен еліміздің ертеңі. Сондықтан Жаңа Қазақстанды құру ісінде өскелең ұрпақ айрықша орын алады. Тең мүмкіндік, әділдік, ашықтық ұғымдары ең алдымен жас буынның кедергісіз келешегін қалыптастыруға негізделген. Бұл ретте Аманат партиясының қызметін трансформациялау үрдісі оның «Жастар рухы» ұйымында да лайықты жалғасын тауып жатыр.

Жас ұрпақ жаңашылдыққа үмтылады

Ақмола облысының Зеренді ауылында «Жастар рухының» кезектен тыс VI съезінің жұмысы жалғасып жатыр. Жастар форумының үшінші



«Жастар рухы»:

Жаңа Қазақстанның тірегі-жалынды жастар

күні Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов, партияның Саяси бюросының мүшесі Дархан Қыдырәлі, «Әділдік жолы» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Дидар Смағұлов Jas Talks ашық диалог алаңында еліміздің түкпір-түкпірінен келген жастармен кездесті. Бейресми жағдайда әңгіме еркіп, жастар қауымы өздерін толғандырған сұрақтарын қойды. Тұщымды жауап алды.

– Жастар үшін ең бастысы – білім. Себебі білімді азамат өзін еркін сезінеді, болашаққа сеніммен қарайды және қай бағытта қозғалу керек екенін біледі. Әрбір жас қазақстандық осыған ұмтылуы тиіс. Әрине, мамандық таңдау – күрделі мәселе. Сондықтан биыл мектептерде жетінші сыныптан бастап оқушыларға кәсіптік бағдар беретін мұғалім жұмыс істейді. Ол оқушыларға дұрыс бағыт таңдауға көмектеседі, – деді Е.Тоғжанов.

Вице-премьер елімізде ҰБТ-ның талаптары өзгергенін де тілге тиек етті. Бұдан былай абитуриенттерге бір емес, 3-4 рет тест тапсыруына мүмкіндік бар. Бұл қадам жастар арасында жиілеп кеткен суицид мәселесінің алдын алуға бағытталып отыр. Себебі тест тапсыруға келген азаматтар қиналған кезде психологиялық, моральдық тұрғыда күйзеліске түседі. Кейбіреуі тест нәтижесін көріп қайғыға беріледі.

– Жас ғалымдарға нақты мүмкіндіктер жасалып жатыр. Бүгінде елімізде бас-аяғы 34 000 ғалым бар болса, соның 8 700-і – жас ғалымдар. Яғни ғалымдардың 24 пайызы – ел жастары. Сол жас ғалымдарға биылдан бастап бір мың грант беріледі. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті 50%-ға дейін арттыруды жоспарлап отырмыз. Алдымызға осындай мақсат қойдық. Бұл – жастарға жасалып жатқан қомақты қолдау. Шетелде жүрген қаншама білімді азаматымыз бар. Оларды да елге тарту мәселесі қолға алынып жатыр, – деді спикер.

Күн тәртібінде тұрған маңызды мәселенің бірі – жұмыссыздық. Ералы Тоғжанов бүгінде елімізде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,4%-ды, ал еш жерде жұмыс істемейтін және оқымайтын жастар 7,2%-ды құрайтынын атап өтті. Сонымен қатар вице-премьер Аманат партиясымен бірлесіп жүзеге

асырылып жатқан «Ауыл аманаты» жобасын жан-жақты баяндап берді.

– Ауылдың мәселесін шешіп алмайынша, қаланың мәселесі шешілмейді. Азық-түлік қауіпсіздігінен өзге, көші-қон мәселесі де бар. Ауыл гүлденсе, қалада білім алған жастар туған жеріне оралады. Мемлекет қандай жағдай жасаса да, әр адам түпкі шешімді жұмыс істеуге деген жеке қалауына қарай қабылдайды. Әркім өзіне, жақынына, істеген ісіне жауапкершілікпен қарай бастаған кезде бұдан да гүлденген қоғамда өмір сүреміз, – деді Е.Тоғжанов.

Талапты жас табыстан тарылмайды

Е.Тоғжанов жемісті жұмыс істеу үшін үлкен жауапкершілік қажет екенін жеткізді. Адам алдына зор мақсат қойып, алдымен істеген ісіне жауап беруге тиіс. Одан кейін барып отбасына, айналасындағы адамдарға, өмір сүріп жатқан ортаға жауапкершілікпен қарағаны жөн. Бұл қасиет түптің-түбінде саналы қоғамды қалыптастырады.

– Мемлекет басшысы күні кеше өздеріңізге жолдаған Үндеуде әркім қоғам алдындағы жауапкершілікті терең сезінуі керек екенін ерекше атап өтті. Онсыз қоғам алға баспайды, мемлекет дамымайды. Сондықтан қоғамда әрқашан жауапкершілік болуы керек. Мәселен, коронавирус инфекциясы өршіп тұрған кезде демаламыз деп шетелге шығып кеткен азаматтарды да көрдік. Барған адамдардың бәрі бірдей вирус жұқтырды. Ақыр соңында 7 000 адамды чартерлік рейспен алып келуге тура келді. Халықтың денсаулығын сақтау үшін елге жеткен азаматтарды 14 күн карантиндік бақылауға алуға мәжбүр болдық. Бұдан бөлек, ауырып тұрғандарына қарамай, 80 адамға дастарқан жайып, қонақ шақырған отбасылар да табылды. Жауапсыздың ең бір үлкен мысалы осы. Жауапты қоғам құрудың қажеттігін осыдан-ақ байқауға болады, – деді Е.Тоғжанов.

Премьер-Министрдің орынбасары елімізде жұмыс тапшылығы туралы жиі айтылатынын жеткізді. Соған қарамастан, жұмыссыз жүрген ынталы, талапшыл азаматтар өте сирек

кездесетінін де жасырмады.

– Сарыағаш ауданында екі аяғы жоқ Нұржан есімді азамат бар. Тағдырдың басқа салғанына қарамастан, салы суға кетіп, иіні түсіп отырған жоқ. Тіпті жұмыс жоқ деген сөзге де сенбейді. Сөзінің дәлелі ретінде ерінбей еңбек етіп, күніне 9 мың теңге табыс табады. Мұндай мысалды көптеп келтіруге болады. Мысалы, Жамбыл облысында тұабітті қос қолы жоқ Анар есімді азамат тұрып жатыр. Соған қарамастан, іс тігуге келгенде алдына жан салмайды. Көздің жауын алатын көрпелер тігеді. Қолы болмаса да, аяғымен іс тігіп үйренген. Ал Динара есімді мүмкіндігі шектеулі жан Ақмола облысында жеке инклюзивті орталық ашты. Осылайша, тек өзі ғана емес, сонымен қатар тағы 70 адамды жұмыспен қамтыған. Бұл азаматтар өмірді қалай сүрудің, сүюдің жарқын үлгісі бола алады. Аяқ-қолы балғадай азаматтар жұмыс жоқ деген кезде осы азаматтарды есіме аламын. Еңбек етемін, жұмыс істеймін деген адамға елімізде мол мүмкіндік бар. Тек, талпына, ұмтыла білу қажет. Ал Үкіметтің міндеті – қолайлы жағдай жасау, – деді Е.Тоғжанов.

Жаңа леп. Жаңа жігер. Жаңа серпін.

Кездесу барысында Дархан Қыдырәлі қатысушылардың сұрағына жауап беріп, форум жұмысы жастарға асқақ рух, жаңа жігер сыйлайтынына сенім білдірді. Ол Жаңа Қазақстанды құру ісін осындай жаңа форматтағы жүздесулерден, жаңаша ойлайтын жастардан, орамды ойталқыдан басталатынын жеткізді.

– Қазақстанның әр тарапынан келген жастар – еліміздің бүгінгі көңіл күйінің айнасы. Қаңтарда «Буырқанған бұла буын» деген мақала жазып едім. Сіздер сол буырқанған буынсыздар. Кезінде Мағжан Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» деді. Кейін Қасым Аманжолов «Сен не ткен бақытты едің, келер ұрпақ?!» деп тамсанды. Сіздерді Мағжан айтқан, Қасым айтқан рухты жастар деп білемін, – деді форум қонағы.

Сонымен қатар ол бүгінгі ұрпақтың жетістіктеріне тоқталып, жастарды жасампаз болуға шақыр-

ды. Ұлттық код, бірлік, ынтымақ, ұйысу ұғымдары туралы ой бөлісті.

– Жастарымыз қай жарыстарда да маңдайы жарқырап көш басында келеді. Додаға түссе дес бермейді. Бауыр-қарындастарымыз ақыл-ойының, тау қопарар талабының арқасында дүниежүзіндегі ең беделді жоғары оқу орындарда білім алып жатыр. Міне, бүгінгі жастарымыз осындай. Ал жас буын жемісті жетістіктерге жетуге үшін нақты іске, идеяға табан тіреуге тиіс. Мұндай жүздесулер ойласу, пікір бөлісу үшін қажет. «Жастар рухы» Жаңа Қазақстанға жаңа серпін береді деп сенемін, – деді Д.Қыдырәлі.

Жүздесу кезінде Дидар Смағұлов еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, болдырмау, онымен тиімді күрес жүргізу мәселесін назарға алды. Жастарды адалдыққа, жағымсыз әдетке тезбеуге шақырды.

– Негізгі мақсатымыз – жастарды жаппай сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа қосу. Бүгінде жастар қанатының атауы «Жастар рухы» болып өзгерді. Жаңа Қазақстанды құру жұмысы басталды. Жаңа көзқарас, тың серпін пайда болды. Ендігі міндетіміз – осы жемқорлыққа қарсы қозғалысқа жастардың назарын аудару, олардың мүмкіндігін тиімді пайдалану. Осы күні жегіқұртқа айналған сыбайлас жемқорлықпен күресудің заңды тұрғыда мол мүмкіндігі бар. Алайда бұл іске жастар қауымын көптеп тарта бермейміз. Сондықтан Jas Talks ашық диалог алаңында атқарып жатқан жұмысымызды мысал ретінде келтіріп, өскелең ұрпақтың қызығушылығын оята алдық. Қоғам белсенділерінің де қолынан көп іс келетінін, одан тиімді нәтиже шығатынын түсіндірдік, – деді Д.Смағұлов.

Өз кезегінде жас азаматтар жасөспірімдер спорты дамыту, ЖОО-да өндірістік тәжірибені жетілдіру, жас кәсіпкерлерді қолдау және тағы да басқа мәселелер жөнінде сұрақ қойып, ұсынысын білдірді. Естеріңізге сала кетейік, съездің пленарлық отырысы барысында жастар қанатын трансформациялаудың жаңа бағдарламасы қабылданып, Орталық кеңестің құрамы жаңарды. Сондай-ақ жастар ұйымының атауы «Жастар рухы» болып өзгертілді.

Құлыншақ ақынның шырақшысы

(Құлыншақтанушы Рысқұл Рысжановтың туылғанына 100 жыл)

Сонау 1995-1996 жылдары қолтығында қағаздар салынған папкісі бар, кеудесінде орден, медалдары жарқырай ілінген жартытөбелік қария, Ұлы Отан соғысының ардагері Рысқұл Рысжанов көкемізді аудан орталығында жиі жолықтыратын едім. Бірақ ол кісі екенін білмеймін. Ол кісінің аты-жөнін тек газет арқылы білгеніммен түрі мен түсін көрмеген едім. Алғашқыда мән бермеппін кейін барып аудандық газетке, облыстық, республикалық басылымдарға өлеңдері жарияланып жүрген майдангер ақын Рысқұл есімді азамат екенін аңғардым. Ол былай болды.

Шіліңгір шілде айының ортан бөлі болса керек. Бір жолы аудан әкімдігінің екінші қабатында баспалдақтар алаңшасында, тар жерде жолығысып қалдық. Жоғарғы қабатқа орналасқан аудандық басылымның редакциясына келген беті екен.

-Әй, қарағым қай баласың?-деді көкем. Аты-жөнімді айтып өзімді таныстырдым.

-Қарағым, редакция осы жерде ме, өзі байыз таппай көшіп қонумен жүретін бір байғұс мекеме болды ғой,-деді әлгі қария.

-Көке, сау саламатсыз ба? Айып етпесеңіз өзіңіз кім боласыз?-дедім.

-Мен майдангер, жартытөбелік Рысжанов Рысқұл деген көкең боламын!

-Оу, ата мен сіздің есіміңізді сырттай білемін ғой. Бірақ осылай бетпе бет жолығамыз деп ойламаппын деп алғаш осылай таныстық. Рысқұл көкемді төртінші қабаттағы редакцияға өзім жол бастап барып кіргізіп жібердім.

Бір көргенін ұмытпайтын қарақты кісі екен. Екінші, үшінші жолы кездескенде де бұрыннан танитын адамдарша тіке әңгімесіне кірісіп кететін.

Рысқұл қарияны ресми түрде аталатын ғылыми атағы мен дәрежесі болмаса да жергілікті зерттеуші ғалым ретінде бағалау себебіміз. ол кісі Құлыншақ ақын туралы көп ізденді. Талай ғалымдардың ғылыми еңбектеріне қосымша құнды мәліметтерді өз қолымен берді, көкірекке сақтаған естеліктерімен бөлісті. Басқа бір пысықай адам болса әлдеқашан ғылыми атақтардың бірнеше сатысын қорғап алар еді.

Рысқұл көкеміз туралы академик Рахманқұл Бердібай, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Өтеш Қырғызбаев, жазушы, журналист Алмас Ақылбек құнды пікірлер жазды. Құлыншақ шығармашылығына қалтқысыз еңбек сіңірген азаматтың адал еңбегін дәріптеді. Аудандық басылым беттерінде Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында:

-Мектепте жұмыс істегендіктен, аулаға әрбір енген сайын қақпаның сол жағында орналасқан Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангерлерге арнап соғылған ескерткіш-бөлгіге мойын бұрмай өту әсте мүмкін емес. Кейде ескерткіш алдындағы орындықта отырып ойға берілесің. Бұл күндері арамызда бірде-біреуі жоқ ата-көкелеріміздің тасқа қашалып жазылған аты-жөндерін шолып өтіп, өткен күндерге ойша саяхат шегіп кеткендей боласың. Біздің Аққолтық ауылының бүгінгі орнына халық соғыстан кейін, дәлірек айтсақ 50-жылдардың бас кезінен қоныстан бастаған көрінеді. Оған дейін «1-май», «Үштөбе», «Майтөбе», «Жаңатілек», «Сталин» т.б. колхоздар 30-40 үйден топтаса отырса керек. Соғыс басталғанда өрімдей жас жігіттер мен жігіт ағасы жасына келіп қалған, қолына қару ұстауға жарайтын ер-азаматтар сол колхоздардан майданға аттанған. Ескерткіштегі тізімде барлығы 88 майдангердің есімі жа-



зылса, бұл тақтаға түспей қалғандары болуы да ғажап емес. Тізім бойынша шолу жасай отырып, өзіміз көрген ардагерлердің бейнелері көз алдымызда кино лентасындай болып тізбектеліп өте бастады.

Майдан даласында ерлікпен қаза тапқан, сүйектері жат жерде қалған Қоңырқұлжаев Мұхтар, Жолдасбеков Күдербай, Тәлиев Файзулла т.б. көкелеріміз туралы үлкен кісілерден естіп өстік. Бала кезімізден бейнелері есімізде қалған Диханбаев Есберген, Тоғызбаев Тұран, Сейдуалиев Ділдәбек, Көкенов Сейділда, Өтенбаев Жұрынбай, Қоңырқұлжаев Өтжан, Нұрманов Мизанбай т.б. аталарымыздың аты-жөнін оқығанда алыстаған сайын биіктей беретін тұлғалары қылаң береді.

Қазақстанның халық жазушысы Бақбергенов Сәуірбектің де осы ауылдан жап-жас жігіт күйінде майданға аттанғаны барша жұртқа белгілі.

Оқу-ағарту саласында ұзақ жыл еңбек еткен Әбдиев Сайлау, Есенсариев Смағұл тәрізді майдангерлерді бүкіл ел ерекше ықыласпен еске алады. «Жартытөбе» кеңшарының ауданның бетке ұстар шаруашылығы атанған кезеңде әлеуметтік-экономикалық өсуге өздерінің өлшеусіз үлестерін қосқан майдангерлер Төлендиев Мінайдар, Шойынбетов Алшынбек, Есенсариев Ысқақ, Қалдарбеков Білдаш, Әбдірахманов Өксікбай, Нәріков Дәрмен, Дәулетбаев Омарбек, Рысжанов Рысқұл, Қасқабаяв Көшерхан көкелеріміздің күні-түні бел шешпей еңбек еткенінің шет жағасына куә болғанымыз рас. Адал еңбектің қызығын көріп, халықтың қошеметіне бөленген соғыс ардагерлері қатарында ең бірінші болып ауданның «Құрметті азаматы» атанған Темірәлиев Шотарбай, Алтыбаев Абылай, Әбдіраев Дәрібай, Қалдарбеков Төлен, Рысбаев Рыстыбай, Мыңбаев Әбдірахман, Омаров Нұрмахан, Жұмашов Биғонды, Құлманбетов Әмірбек т.б. есімдерін ерекше ілтипатпен атар едім. Ескерткіш-тақтаға есімдері қашалып жазылған майдангерлердің арасында мен білмейтін, яғни бүгінгі таңда ауылда ұрпақтары тұрмайтынды да жоқ емес, баршасына мың мәрте тағзым!-деп майдангерлердің ұрпағы саналатын ұстаз Тұмартай ақынның жазғаны бар еді. Ал енді осы ескерткіштің бой көтеруін армандап өткен жандардың бірі, осы бастамаға арқау болған азаматтың бірі осы Рысжанов Рысқұл көкеміз еді. Ол өз алдына бір әңгімеге арқау болар тақырып.

Құлыншақ ақынның көмескі тартқан шығармашылығын жарыққа шығару мәселесінде де Рысжанов Рысқұл ақсақалдың еңбектері ерен. Бұл турасында биылғы жылы өмірден озған талантты журналист,

«Отырар алқабы» газетінің бас редакторы болған Алмас Ақылбек ағамыздың жазбасын да келтіре кеткенді жөн көрдім.

1987 жылдың қазан айы болатын. Отырар музейінде суретші-реставратор болып жұмыс істейтін досым Әділхан Мәліков Созаққа бірге баруымды өтінді. Теріскейде өмір сүрген Құлыншақ ақынның портретін салмақ ниетте екен. Жездем Амангелді Мырзалиев Созақ ауданы атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметінде. Және Бектай, Нұртай деген әскерде бірге болған достарым да бар. Мен келісіп, доскекті еңбек демалысын алып, Теріскейді бетке алдық.

Жездемнің үйіне түсіп, мән-жайды айттық. Ол кісі керемет күйші, ескі әңгімелерді көп білетін адам еді.

-«Құлыншақтың портретін саларсыңдар-ау, бірақ өлеңдері табыла қояр ма екен? Өйткені, сендерден бұрын ғалым Ә.Оспанұлы, профессор Р.Бердібаевтар ақынның өлеңдерін іздегірген. Көп ешнәрсе табылмады»,-деді.

Біз тәуекел деп ел аралауға шықтық. «Сұрай-сұрай, Меккені де табасың» дегендей Құлыншақтың баласы Иссаханның қызы Жәмилә апайды тауып алдық. Шолаққорғанда дүкенде сатушы екен. Өлең табылмағанымен Исекеңнің суреті табылады. Бұған да шүкір деп сапарымызды жалғастыра бердік. Бір кісілердің жөн сілтеуімен «Жартытөбе» совхозында тұратын Рысқұл Рысжанов деген қарияға жолықтық. Құлыншақты да іздейтіндер бар екен деп қуанған ол кісі үйіне ертіп барды. Совхоздың шағындау үйі. Үлкен қабырға түгелімен сірескен кітап, газет-журналдар.

-Айналайындар, жиған-тергенімді қайда бастырам, кімге көрсетем деп жүрген едім. Жақсы келдіңдер. Аудандық газетке Құлыншақ ақын туралы талай мақала, өлеңдерін бердім. Бірақ бастыра алмадым. Себебі, біздің аудан-қатаң бақылаудағы аудан. Созақ көтерілісінің зардабы әлі де бар. Редакторлар феодализмнің сарқыншағы, қажының өлеңдерін баса алмаймыз деп жай ғана сыбырлайды.

Осыны айтқан Рысқұл қария қолжазбаларын қопара бастады. Көп қағаздан таба алмады да, соңымыздан хатпен жіберуге уәде берді. Біз суретке түсіріп, әңгімелерін магнитофонға басып алып, ауылға қайттық.

Рекең сөзінде тұрып, алғашқы бес өлеңін хатпен салды. Музейге келген хатты Әділхан бөлім меңгерушісі А.Жұмашевқа тапсырып, ол кісі Шымкентте тұратын ғалым Ә.Оспанұлына жеткізеді. Ақынның жаңа өлеңдері енді табылмайды деп үміт үзгенде өз аяғымен келген өлеңдерге балаша қуанып, алғысөзін жазып, облыстық «Оңтүстік Қазақстан», Созақ аудандық «Молшылық үшін», Қызылқұм аудандық «Қызылқұм» газеттеріне бастырады. Осыдан кейін ақын шығармашылығына даңғыл жол ашылады. Рысқұл қария Ә.Оспанұлы, Р.Бердібаевтармен танысып, хат алысып тұрады. Ақынның кейінгі жарияланған шығармаларының дені осы кісінің жинақтауымен жарыққа шықты. Сөзіміз жалаң болмас үшін ғалым Ә.Оспанұлының 19 сәуір, 1988 жылы облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетіне жарияланған «Құлыншақ ақын» атты мақаласынан үзінді келтіре кетсек:

«Бытырғы жылдың ақыры мен биылғы жылдың басына дейін айтулы Құлыншақ ақын шығармаларынан бүгінгі ұрпаққа келіп жеткен дүниелер шамасының тым қораштығы көңіл құлазытатын. «Бес ғасыр жырлайды», «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1983 ж.) жинақтарын-

дағы бар-жоғы жетпіс шақты жыр жолдарынан, әзірге жарияланбаған Майлықожамен екі жүз жиырма жол мөлшеріндегі өткір де өрелі айтысынан басқа ел арасынан Құлыншақтыкі дейтін шығарма шыға қоймаған-ды.

Ақын шығармашылығын отыз жылдан бермен қарай зерттеп келе жатқан жайым болса да, ол кісіге тән дүниелердің табыла қоюынан үміт те үзе бастаған секілді едім. Сөйтсем, оным бекер екен. Бытыр күзде Қызылқұм ауданының орталығы-Шәуілдір тұрғыны Абдулла Жұмашевқа Созақ ауданынан жіберілген дүниелер үміт жібін қайта жалғағандай болды. Соғыс және еңбек ардагері, Ырысқұл Ырысжанов ақынның үш бірдей шығармасын жолдаған екен. Таяуда, үстіміздегі 1988 жылдың 25 қаңтарында маған келіп тиген хатынан тағы да екі қысқа өлең шықты.

Осылардың ішіндегі ең соқталысы-революцияға дейінгі қазақ ақындарының бәріне дерлік тән тақырыпта-адам жасының кезеңді-кезеңді кездерін әңгімелей отырып толғайтын тәсілде жырлаған «Дүние-ол бір көлдің қасқалдағы» атты философиялық лирикасы.

Ақын мұнда халқымыздың басқа сөз зергерлерінің аузына түспеген, яғни мынау жарық дүниені қасқалдақ секілді киелі құсқа теңеуі мен ерекшеленеді. Ал, қалған шығармаларының көпшілігі «Мазақ қылма, Көлбайым», «Әркім әуес қылады қолда жоқты», «Ар, ұяты бар кісі», «Алпыс бір жанның атасы» өлеңдері ақынның өзімізге бұрыннан белгілі қырларының-ұйтыты сықақшылдығы мен терең ойлылығының жаңа бір куәлігіндей көрінеді.

Қайсыбір жылы Құлыншақ ақынның 175 жылдық мерейлі еске алу шарасының алдын Жартытөбе ауылындағы Қ.Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебінде жыр кеші болып өтті. Мерекелік шараға Қ.Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестіктің төрағасы М.Асқаров, «Созақ үні» газетінен мен, аға тілші Н.Майусова, Құлыншақ шығармашылығын зерттеуші Рысқұл Рысжанов қарияның ұрпағы, ақын шығармашылығын зерттеуші Рыскелді Рысжан, мектеп директоры аудандық мәслихаттың депутаты І.Омарбеков қатысқан еді. Сонымен қатар, шығармашылық кешінде ақын Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі Тұмартай Дінтайұлы өлең-жырларын оқып, еске алу шарасына қатысты ой-пікірін ортаға салды.

Мектеп оқушылары, ұстаздар қауымы, ауыл тұрғындары қатысқан кеш өте қызықты өтті. Шығармашылық бірлестіктің төрағасы М.Асқаров ақын атындағы бірлестіктің қалай құрылғанын, оның атқарып жатқан игілікті істерін, алдағы жоспарлармен бөлісті. «Құлыншақ оқулары» атты шараға дайындық жұмыстары да басталып жатқанын тілге тиек еткен мектеп басшысы Құлыншақ Кемелұлының 175 жылдығын кеңінен атап өту жөнінде өз ойларын айтқан болатын. Сол кезде Рысқұл көкеміздің ізін жалғастырушы Рыскелді ағамыздың қатары бар азамат екенін ұққандай болдым. Былайша айтқанда бұл отбасылық династия барлық қарым-қабілеті мен шығармашылықтары, алтын уақыттары мен өрелі істерін Құлыншақ ақын шығармашылығына арнап келеді.

Мақсат ҚАРФАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
Одағының және Қазақстан
Журналистер одағының
мүшесі.
(Жалғасы бар).

Біздің білуімізше аудан орталығы Шолаққорғаннан шығып Шымкент қаласына кетіп бара жатқан асудағы сонау шекараға дейін көлігіңмен қатарласып дөңгеленіп отыратын Шәмші атамның екен талдары саны жағынан аудандағы қолдан өгілген ең көп талдар болса, одан кейінгі Қозмолдақ-Сызғанға баратын Белқұдық жолының бойындағы Жұмаділда Ерімбетов атамның екен 10 шақырымдық талдар болып саналатын. «Жақсылардың жүрген жері алтын саңдық» демекші жүрген, қызмет еткен жерлерінде тек абырой биігінен көрінген азаматтың есімі Теріскей халқы үшін ең ардақты есім болып саналады. Сол уақытта өзінің бас пайдасынан қоғамның басты мәселелерін көп ойлаған



шысы, одан 1972 жылдан «Заготскот» мал бордақылау кешенінің бастығы, Шу совхозының және «Сызған» совхозының директоры, Калинин совхозында агроном, сайланбалы тағайындаумен Калинин совхозының директоры қызметін атқарады. Жұбайы Құсайынова Нұрзейін Алматыдағы қыздар педагогикалық институтын орыс тілі мен әдебиеті факультетін бітірген елге керекті білікті мамандар болатын.

Ол уақытта түнделетіп шөп ұрлау, жүн ұрлау, заправкадан май ұрлау, ешкімен рұқсат сұрамай мемлекеттің көлігімен сексеуіл әкелу, қорадан көң ою сияқты жағдайлар болатын. Ерімбетов түнімен ұйықтамай, үстіне көнетоз киім киіп, велосипед, мотоциклмен, кейде трактормен аралап жүреді

лас жемқорлық деген атымен жоқ. Отанына, өз партиясына адал болып бір қызыл билетті абыройына арқау етіп өмір сүрген сол совхоз басшыларының көбі кедейшілікте жүріп өмірден озды. Қазіргідей мемлекетті, оның жер асты, жер үсті байлығын тонап баласының баласына жететін дүниені жинап тастап шалқып өмір сүрмепті. Мен білетін, мен танитын, көзін көрген директорлардың шалқып өмір сүргенін көрген жоқпын. Олардың көбісі әкесі майдан көрген, майданда өлген жауынгер мен арқасын отынның жібі қиған алақаны өмірден күстенумен өткен алтын құрсақты аналардың ұлдары еді. Ондай ата-аналардан елжанды адал, аптал азаматтар ғана өмірге келуі тиіс болатын. «Құмкент» кеңшарында партком хатшысы болып жүрген кезде

ЖҰМАДІЛДА ЕРІМБЕТОВ

азаматтар Әлтеков Әбдіқадыр, Ерімбетов Жұмаділда, Әбдіраманов Балтабай, Құрманбеков Мейрамбек, Есенқұлов Айтбек, Ысқақов Ахмет, Ахинов Әбдеш, Мұсабеков Сағынтай, Тұрысбеков Сексенбай, Алпамысов Байғоныс, Сартбаев Қарахан, Ашықбеков Тасқынбек, Әбдіраманов Балтабай, Жүсіпов Әбіл, Жүнісов Жұмабек сияқты бір туар тұлғалардың өнегелі істері бүгінгі қоғамда қызмет етіп жүрген бәзекпе жастар үшін ғаламат ғибрат, өшпес өнеге мектебі болар еді. Осы есімдері аталған азаматтар ең бірінші кезекте шопандар мен жұмысшылардың жағдайын ойлайтын. «Өнім өндірушілер, қара жұмыскерлердің қарны тоқ болса, киімдері бүтін болса, көңілдері жарқын болса мемлекеттің де жағдайы жақсы, халқымыз тоқ болады!» деген өлмес қағиданы айтып, айтып қана қоймай солай ісімен көрсетіп кеткен азаматтар осы жандар бо-

мен Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивінің директоры Гүлнар Шардарбекова мен архив қызметкерлеріне шексіз ризашылығымызды білдіргім келеді. Облысымызда еңбек етіп, бүгінде есімдері естен шыға бастаған азаматтар мен ел ардықтылары туралы біздің жіберген өтініштеріміз бен сұраныстарымызға оң назарларын аударып, мұрағаттағы мәнді мәліметтермен бөлісіп келеді. Өткен жылы қаншама азаматтарды елге танытып, әруақтардың есімдерін елдің жадына түсірдік.

Ерімбетов Жұмаділда Сексенұлы 1930 жылы 15 тамызда Түркістан облысы, Шорнақ ауылында туылған. Әкесі Сексен 1901 жылы туылып, 1961 жылы өмірден өтеді. Жұмаділда 1936 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Фрунзе ауданындағы М.В.Фрунзе атындағы орта мектебіне барып, 1946 жылы бітіреді. 1946-48 жылдары аудан-

екең. Бірде таң бозарып ағара атып келе жатқанда қолтығына адам бойлап кететін қанар қапты қысып алып шөп ұрлауға келген ауыл тұрғынын ұстап алыпты. Сөйтіп кеңсеге әлгі ұрыны өзі жетектеп әкеліп, кабинетіне кіргізіп, әлгі қолтығындағы қапқа ұрыны отырғызып аузын байлап, кеңсеге активтерді түгел шақырып бәрі жиналған соң, қаптың аузын ашып ұрыны жұрттың алдында қаптан шығарып масқара етіпті. Шөп базасының айналасын терең етіп қаздырып ор-етіп қоршаған екен. Ұрлыққа келген көлік болсын, жаяу адам болсын өте алмай қалады. Ерімбетовтің халық үшін еткен еңбегі зор болыпты. Совхоздың екінші фермасы саналатын Қайнар ауылының астында «Ерімбетовтің жолы» деген теп тегіс жол бар. Сол жол сізді сырғытқаннан сырғытып отырып қыстау қора Аласиыр мен Омарқазған құдығынан бірақ шығарады. Осы жолды

Жұмаділда көкеміз орталықтан бау ектірді. Қазір ол кісі ектірген осы бау оның атындағы орталық саябаққа айналған. Жұмаділда «Сызған» кеңшарында директор болып жүрген кезде кеңшар орталығынан үлкен жолға баратын ұзындығы 12 шақырым жол бойына ектірген қара талдар күні бүгінге дейін сән беріп тұр. Ал Калинин атындағы кеңшарда директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары болып істеп жүрген кезінде 3000 түп терек ектіріп, іскерліктің үлгісін көрсеткені баршаға аян. Ерімбетовтың іскерлігі мен әділеттілігі жайлы «Шу» кеңшарының тұрғындары да жиі айтады. Жұмекең нығайту есебінен «Шудан» «Сызған» кеңшарына директор болып ауысты да, оның орнына «Шуға» партком хатшысы Түктібаев Тіләш директор болып ауыстырылған. Шуда ол кезде селолық кеңес төрағасы болып ҰОС ардагері Әділов Тілеубай



Қозмолдақ ауылына кіретін күре жолдың бойындағы «Жұмаділданың» талдары



Құмкент ауылындағы Ерімбетовтің қолтаңбасы

латын. Жоғарғы оқу орнын бітіріп, шаруашылық маманы атанып Сызған қаракөл қой совхозына келгенімде «Ерімбетов» деген фамилияны алғаш естіппін. Бұрын студент болдық, оқушы болдық, енді шаруашылық маманы ретінде кеңестік шаруашылықтың ішкі әлеміне үңіліп, жақыннан тани бастадым. Сол уақытта «Кім қандай маман?», «Кім мықты басшы?» деген сауалдарға шопандар, механикаторлар, орта буын мамандар өзара әңгімелесіп мықты мамандарды өздері анықтап жататын. Сонда бұрынғы совхоз директоры Ерімбетов Жұмаділда туралы аңызға бергісіз әңгімелер тиегі ағытылатын. Осы орайда ең алды-

дық ауылшаруашылығы бөлімінде статист, 1948-50 жылдары Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетін, 1950-55 жылдары Алматы ауылшаруашылығы институтының агрономия факультетін тәмамдайды.

Алғаш еңбек жолын жолдамамен келген маман 1955-57 жылдары «Тасты» совхозында бас агроном, 1957-1964 жылдары Калинин совхозында бас агроном. 1964-1966 жылдары Алматы жоғары партия мектебінде тыңдаушы, 1966 жылы аудандық ауылшаруашылығы бөлімінде бас агроном бола жүріп, Созақ совхозына партком хатшысы етіп жібереді. 1969-72 жылдары Құмкент совхозында партком хат-

Ерімбетов өзі салғызған екен. Мал отарларын аралап «кім малын өзі жайып жүр?, кім бала шағасына қалдырып қыдырып жүр?» демекші, сенбі, жексенбі, күндеріне қарамай төтеннен тексеріп баратын «қасиеті» бар екен. Жұмаділда көкеміз әкесі майданда ерлікпен қаза тапқан жауынгердің ұлы болыпты. Анасы өмірден өткенше ұлының қолында болып Шу (1976-82), Сызған, Калинин, Құмкент совхоздарында көшіп-қонып бірге жүріпті. Көрген кісілердің сөзіне қарағанда Жұмаділда анасын өте зор құрмет тұтып, бетіне қарап бір рет те қарсы сөйлеп көрмепті. Не айтса да анасының сөзін жөн санаған азамат екен. Дүние, байлық жинау, мемлекеттік тонау, сыбай-

істеген. Ол кісі өзінің жасы үлкендігін, әрі жергілікті азамат екендігін пайдаланып директорлардың шаруашылық жұмысына жиі араласады екен. Жұмекеңді ұжым құрметпен шығарып салған жиында ол осы жағдайды ескертейін деген оймен: «Әй, Тіләш, кеңсенің кілтін саған, ал шаруашылықты мына Тілеубайға тапсырамын», - депті. Жиналған жұрт Жұмекеңнің батылдығы мен әділдігіне ду күлген көрінеді.

Иә, соңына жарқын іс, өлмес мұра, өшпес ізқалдырған ардақты азаматтарды біз ұмытуға тиіс емеспіз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Дін ұғымы-қазақ ғұламаларының көзқарасымен

Дін – адамзат тарихында жаратылысынан бері бар әрі барлық дәуірде адаммен бірге жасасып келе жатқан ұлы күш. Адамның ішкі сұранысында әлденеге сеніп өмір сүру әуелден бар қажеттілік. Сол себепті діннің адамзатқа ықпалы қазір де өз күшінде. Адамзат тарихында жекелеген дінсіз адамдар болғанымен, дінсіз қауым, дінсіз қоғам болмаған. Қазірге дейін шамамен 10 мыңнан аса дін мен діни наным-сенімдер пайда болған. Жер шарында 8 миллиардқа жуық адам болса, солардың 85%-нан астамы қандай да бір діни сенімді ұстанады. Ал 50%-нан астамы христиан діні мен ислам дінін ұстанып өмір сүреді. Ғалымдар өлімге шара табылмайынша, дінге деген мұқтаждық жойылмайтынын айтады. Кезінде дін бар болғаны сауатсыздықтан, табиғат күштері мен өмірдегі қиындықтардың алдындағы шарасыздықтан туындағанын айтушылар да болған. Бірақ уақыт көрсетіп отырғандай қазір жан-жақты дамыған әлемде де дін өмір сүріп келеді.

Дін – адамзат қоғамының ажырамас бөлшегі. Ал осы дінді қазіргі күнде қалай түсінудеміз. Ислам теологиясына сүйенер болсақ дін мен ислам бір-бірінен ажырамайтын егіз ұғым. Барлық діндердің мақсаты – адамзатты ізгілікті іс жасауға шақыру. Ал жалпы діндердің ұқсасы – барлығында ақырет, жұмақ, тозақ секілді құбыластар кездеседі. Ислам дінінде ең алғашқы түскен сүре Алақ сүресі «Икра» яғни «оқы» деп басталады, сол себепті білім алу мұсылман адамға парыз деп түсініп жатамыз. Ислам бейбітшілікті қалайды деп жер-жерде түрлі деңгейде конференциялар өтіп жатыр. Бірақ неге ислам дінінің алғаш тамыр жайған жері Таяу Шығыста әлі күнге дейін қантөгіс пен аштық, ауру мен бесіктен белі шықпаған балалар қалам алуға емес қаруға асығады. Ол жақты алмай-ақ өзімізге келер болсақ: мен әлхамдулиллах мұсылманмын деп өз ата-бабасының ұстанған салт-дәстүрін жоққа шығарып, қыз баласын қаласын қаламасын тұрмысқа беріп құтылуға асығатын келте балақты діншіл азаматтардың қатары көбеюде. Әдебиетімізді ашып қарар болсақ «намазхан» деген сөзді таппаймыз. Бірақ намаз оқитын мұсылман жамағатын көрсетсе «намазхан бауырлар» деген тіркес қосыла айтылатын болып жүр.

Әлеуметтік желі арқылы Құдайдың атын пайдаланып қалың бұқараның қалтасындағы соңғы тиынына дейін алдап тартып алып жатқан оқиғалар қаншама. Осы оқиғалардың барлығы Шәкәрімше айтқанда: «Жаман тәпсір жайылып жер бетіне, дін десе тұра қашты есті азамат» дегендей көптеген адамдардың діннен жерінуіне алып келуде. Ал шын мәнінде дін дегеніміз не? осы ұғымды қазіргі күнде кім қалай түсінуде және кезінде ата-бабамыз қалай түсінді, осы сұрақтарға жауап бере кетуді жөн көрдік. Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с) мақтаған адам бойындағы асыл қасиеттің бірі сабырлық, ұстамдылық. Ежелгі Баласағұн қаласынан шыққан ақын Жүсіп Баласағұн «Құтты Білік» атты еңбегінде жыр жолдарымен былайша жеткізіпті:

*«Сабырлы бол, сабыр бастар мұратқа!
Күйіп-пісіп, өзіңді отқа құлатпа
Қай істе де жоғалтпағын сабырды*

Ұстамдылық үйірер мал бағыңды»- деп сөзден маржан түзіпті. Ақыл іздеген жанға осы жыр дастанды ұсынар едік.

Бір күні Алла Елшісіне (с.а.с) бір кісі келіп: «Уа Алла Елшісі (с.а.с) мұсылман деген кім? деп сұрақ қойыпты. Сонда Алла Елшісі (с.а.с): Тілімен де ісімен де ешкімге зиян тигізбеген адам» деп жауап берген екен. Осы жолды бекем ұстанған көкірек көзі ашылып Шыңғыстаудың баурайында үй тіккен Шәкәрім қажы көптеген өлең жолдарында осы қағиданы дәріптеген. Яғни ешкімге зиян тигізбе, арлы бол, ятты бол, намысты бол, рахымды, ынсап-

ты бол деумен өмірін өткізді. Сол себепті «қиянаттың бар болса иманың жоқ, маған десең мың жылдай қыл ғибадат» дегені. Одан алдын күллі түркі жұртына ортақ ұстаз болған Қожа Ахмет Ясауи:

*Кәпірге де қастық қылма жаралар
Ол Құдайдан безуменен барабар
Тозақ дайын талақ қылсаң сүннетті
Менен бұрын айтып кеткен даналар...*

Яғни бұрыңғы қазақтың дәстүрлі діни таңымында кәпір де болса берме азар деген қатаң қағида орын алған. Бұл нағыз мұсылман үмметінің жолы десек болар. Дінді ешқандай пендеге қиянат жасамау деп ұғынсақ Шәкәрім қажыға тағы да қайта оралмақпыз.

*Адамның айуаннан айласы мол,
Қит етсе, қиянатқа қояды қол.
Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек-
Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол,
және тағы да бір өлеңінде:*

*Жүрегі таза адамдар
Зұлымдықтан амандар,
Қиянатсыз надандар*

Әулиеден кем емес- деп, биік дәрежеге көтерді. Ал әулие деп Құдайдың сүйген құлдарын, достарын атаса керекті.

Ғылымсыз – дін ақсақ және соқыр. Бұл бұрыңғы өткендердің сөзі. Дін деген осы екен деп отырып тұрып намаз оқып, ықылас-пейілісіз ораза ұстай беруге де болмас. Құлшылыққа да ғылым керек. Құбылағы табу үшін құбылнама пайда болды, уақытты есептеу үшін сағатты ойлап тапты. Ораза кезінде айды есептеуге де ғылым керек. Ғылымның нәтижесі әсіресе ХХІ ғасырда қатты сезілуде. Ал қазіргі қоғамға тек қана ғылыммен ғана озу жараспақ. Академик Асқар Жұмаділдаев айтқандай: «Ғылымның барлығы қазаққа керек». Мұны байқаған Хакім Абай кезінде жиырма бесінші қара сөзінде: «Тұрасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, орыстың ғылымын үйрет (оқыт)!» Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма!»

Әрине Абайдың заманында ғылымы озық орыс ұлты болатын. Батысқа қол сермеу үшін орыстың тілін білу қажет еді. Ал қазіргі кезде мүмкіндік көп. Сондай-ақ оныңшы қара сөзінде: «Ғылымсыз ахиретте жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж ешбір ғибадат орнына бармайды» деген сөзін ескерсек, дін дегеніміз ең әуелі – білім мен ғылым екені даусыз. Себебі Абайдай ұлы тұлға әзірге қазаққа жоқ-ақ.

*Хақ мұсылман кім болар-
Айтса сөзі шын болар.*

*Рахым, ұят, ар, ынсап-
Төртеуі болса дін болар.*

Мұсылман адамның тағы бір бойынан табылар қасиеті – кеңпейілділік. Ол да Жаратқанның сүйген амалы.

*Тәңірі жолы – ақ жүрек,
Сайтан деген қиянат.*

*Ақ жүректі ертерек
Ескердағы қыл әдет.*

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бүгінгі мақала тақырыбына арқау болған Шәкәрім қажының бір шумақ өлеңімен түйіндесек:

*Есіл түзу пішінді,
Түзетпе алмай қысылды.
Сен құбылмай тек отыр,
Түзетсін Құдай ішінді.*

Демек діндар болу, мұсылман болу әуелі өзіңді түзетуден басталмақ. Мен мұсылманмын деген қазіргі қазақ қоғамына жоғарыда айтылған өлең жолдарынан ғибрат алу керек секілді. Сонда ғана еліміздегі дінді тек құлшылық дейтін буквалистік пайымнан арылатын секілдіміз.

**Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқар-
масының «Дін мәселелерін зерттеу
орталығы» КММ маманы.**



Еліміздегі діни сауат ашу курстарының маңыздылығы

Әрбір мемлекеттің діни білім беру жүйесінің қалыптасуындағы басымдықтарды бірінші кезекте мемлекет құрушы ұлттың діни қатыстылығы айқындайтыны белгілі. Қазақстандағы ислами білім беру жүйесінің ерте орта ғасырлардан басталған мың жылдан аса тарихы мен тәжірибесі бар. «Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері біз асыл дінімізді тереңірек танып білуге мүмкіндік алдық.

Тарихқа көз жүгіртсек, байырғы замандардан-ақ қазақтың небір ғұламалары әуелі сауатын медреселерде ашқан. Ұлы Абайдың да медреседен тәлім алғаны белгілі. Міне, осындай діни оқу ордасының берген білімінің тиімділігі, құнарлылығы арқасында ол адамдар қазақтың ірі-ірі тұлғаларына айналды.

Сол дара жолдың ізімен, қазір еліміздегі көптеген облыстық, аудандық, қалалық мешіттер жанынан көпшілік арналған діни сауат ашу курстары ұйымдастырылған. Ислами білім берудің бастауыш деңгейі – діни сауат ашу курстары жетілдіру мақсатындағы бірқатар өзгерістерді қажет етеді. Өйткені діни сауат ашу курстары көпшілік арасындағы ислами ағартушылық жұмыстарын жүйелі түрде және кең көлемде жетілдіруге мүмкіндік беретін басты тетік болып табылады.

Жастардың діни сауаттылығын арттыру үшін маңызды қадамдар жасалуы керек. Және ислам дінін бір жақты қарамай, ілімге қаншалықты көңіл бөлумен қатар, сауатты болуға қаншалықты ынталандырады деген мәселені қарастыру да аса маңызды. Өйткені, жастардың арасында діни сауатсыздықтың салдарынан өзге ағымға кетіп жатқандары немесе исламдағы айтылған хадис мәтіндерінің мағынасын тікелей түсіну арқылы, сауатсыздыққа жол ашып жатқанын қазіргі қоғамымызда көрініс тауып отырған жағдайлар куә бола алады.

Жастардың діни сауаттылығын арттырудың негізгі мақсаты жастардың қиын сәттерде дербес, жан-жақты салмақталған шешім қабылдауына қажетті сыни тұрғыда ойлау машығын қалыптастыру болуы тиіс. Осы білімдерді қолдана отырып, әлемдік дәстүрлі діндер мен радикалды діни ұйымдарды ажырата алады. Алға қойылған мақсат жастар мен жасөспірімдердің діни сауаттылығын дамытуға:

арбау әрекеттеріне қарсы тұру мен залалсыздандырудың жеке мінез-құлықтық алгоритмін қалыптастыруға, адамгершілік және этикалық құндылықтары бар, отаншылдық пен толеранттылықты қалыптастыратын әлемдік және дәстүрлі діндердің, деструктивті діндердің негіздерімен танысуға ықпал етеді.

Берімізге белгілі қазіргі келіп жатқан ислам ағымдары және басқа да дін ағымдары бар. Олардың кездеген мақсаттары өсіп, өніп келе жатқан еліміздің тыныштығын бұзу, арамсызға ірікті салу. Мұндай ағымдарға қара домалақ қазақтарымыздың кіріп кетіп жатқаны да қаншама. Бұл ағымдардың жетегінде жүруіне екі негізгі себепті атап айтсақ болады.

Біріншіден, сауаттылық мәселесі. Яғни діни сауаттылықтың өте төмен болуы. Екіншіден, әлеуметтік жағдай. Материалдық жағынан дұрыс қамтылмаған кедей, мемлекеттен үмітін үзген отбасыларды материалдық жағынан қамтамасыз етеміз деп қызықтыру арқылы өздерінің қатарына қосып жатқандығын айтуға болады. Әрине, елдегі барлық адамды материалдық тұрғыдан толық қамтамасыз ету мүмкін емес. Бірақ елді діни сауатты етуге болады. Қазіргі діни рәсімдер жасалатын орындарға баратын болсақ, ол жердегілердің басым көпшілігі жастар. Дінге деген жастардың қызығушылығы күннен күнге артып келе жатыр. Енді сол жастарымызға дұрыс бағыттағы діни білім және тәрбие беретін ата-аналардың діни сауаттылығының жоқтығы ашы да болса өмір шындығы. Сондықтан жастарымыздың діни сауатын ашу қазіргі кездің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Мұндай білім жүйесінің мақсаты – дін туралы түсінікті дұрыс қалыптастыруға, шетін көзқарастардан сақ болуға, өзге діндер мен сенімдерге құрметпен қарауға, дәстүрлі рухани құндылықтарды қадірлеуге, «имандылық» ұғымын дұрыс түсіну және бағалай білуге жетелеу. Сондықтан заман талабына сәйкес діни және дінтанулық білімнің өзара тиімді түрде игі мақсатқа қызмет етуінің жан-жақты мүмкіндіктерін жете қарастыруға жөн.

**Б.КАШКИНБАЕВ,
Түркістан облысының Дін
Мәселелерін Зерттеу Ор-
талығының «Оңалту
жұмыстарын ұйымдасты-
ру» бөлімінің маманы.**

Сыбайлас жемқорлықпен күресу-Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай қайсысын да қатты алаңдататыны анық. «Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «согитрио» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «согитриге» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

М.АСАНОВ,

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы бойынша филиалының Созақ аудандық тіркеу және кадастры бөлімінің басшысының м.а.

Хабарландыру

2022 жылдың 19 қыркүйегінде сағат 11.00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек а.п., Қыземшек ауылы, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Мәдениет үйінің ғимаратында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді. «Инкай» №3 учаскесі уран кен орнында тәжірибелік өндіріс жобасы.

Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар «Skype» бағдарламасы арқылы өтеді. Онлайн қосылымға сілтеме:

<https://sfb.kazatomprom.kz/kazatomprom.kz/Meet/rbektenov/8GSC77NJ?s1-1>

Конференция идентификаторы: 750594.

Әсер ету аймағы: Түркістан облысы, Іңкей кен орны, No 3 учаске.

Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «Жоғары технологиялар институты» ЖШС, Алматы қ. 168, Бөгенбай батыр тел.: +7 (702) 0001760, e-mail: y.nikitina@iht.kazatomprom.kz

Потенциалды әсер ету есебін әзірлеушінің мәліметтері мен байланыс деректері: «Жоғары технологиялар институты» ЖШС, Алматы қ., көш. Бөгенбай батыр к-сі, 168, тел.: +7 (702) 6127738.

Жоба материалдары www.ecoport.kz сайтында орналастырылған.

Ұсынылған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұрау үшін электрондық поштаға хабарласыңыз, мекенжайы: y.nikitina@iht.kazatomprom.kz, телефон: 8 702 000 17 60.

Қоғам мен мүдделі жәртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электронды түрде электронды поштаға жібере алады. Түркістан облысы бойынша экология департаментінің мекенжайы: ontustik.gov.kz/kk/ немесе www.ecoport.kz.

Объявление

19 сентября 2022 г., в 11.00 часов, по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская а.п., п.Кыземшек, в здании "Дома Культуры", АО «НАК «Казатомпром» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Проект опытно-промышленной добычи на месторождении урана «Инкай» участка №3».

В случае введения карантинных мер общественные слушания будут проходить посредством программы «Skype». Ссылка на онлайн-подключение:

<https://sfb.kazatomprom.kz/kazatomprom.kz/Meet/rbektenov/8GSC77NJ?s1-1>

Идентификатор конференции: 750594.

Территория воздействия: Туркестанская область, Месторождение Инкай участок №3.

Реквизиты и контактные данные инициатора: ТОО «Институт высоких технологий», г. Алматы, ул. Бөгенбайбатыра, 168 тел.: +7 (702)0001760, e-mail: y.nikitina@iht.kazatomprom.kz

Реквизиты и контактные данные разработчика Отчета о возможном воздействии: ТОО «Институт высоких технологий», г. Алматы, ул. Бөгенбайбатыра, 168, тел.: +7 (702) 6127738.

Материалы проекта размещены на сайте www.ecoport.kz.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по эл. адресу: y.nikitina@iht.kazatomprom.kz, тел.: 8 702 000 17 60.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме на эл. адрес Департамента экологии по Туркестанской области: ontustik.gov.kz/kk/ либо на www.ecoport.kz.

Нұрлы бейнең жүректерде сақтаулы



Құмкент ауылының тұрғыны, ардақты ата, асыл жан, ауыл-аймаққа сыйлы азамат болған **Қасымбеков Ортайбек** әкеміздің дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің нұрлы жүзі жадымыздан өшпек емес.

Ұл-қызыңа қадірлі едің ардақты, Азамат ең құрметті де салмақты. Нұрлы бейнең жүректерде сақтаулы, Жан едің сен өнегелі жан-жақты.

Ұмытпаймыз әке сізді мәңгіге,

Таусылмайды өзің жайлы әңгіме, - дей келіп, әкеміз Ортайбек Қасымбековтың рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, әкеміздің көзін көрген жандардың есіне саламыз.

Ас-26 тамыз күні (25 тамыз-қонақ асы) Құмкент ауылы, Жамбыл көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, немерелері.

Жұмақтан болсын мекенің

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл азамат, қимас бауыр, ағайын-туыс пен дос-жаранның ортасында сыйлы болған жан **Бакрамұлы Батыржанның** өмірден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Жаны жайсаң азаматтың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.



Біздер үшін асқар едің, шың асқақ, Сенсіз қалды жанымызда шын ақсап. Жанарларды жәудіретіп мәңгілік,

Кеттің бауыр, жанымыздан жырақтап, - деп, асыл бауырымыз Батыржан Бакрамұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандас достарының есіне саламыз.

Ас - 21 тамыз күні (20 тамыз - қонақ асы) Шолаққорған ауылы, Ә.Молдағұлова көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: Отаубаевтар әулеті.

Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл әке, ардақты ата, қимас бауыр, ағайын-туыстың ортасында сыйлы болған жан **Мухашев Сәкен Оспанұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асқар тауымыз әкеміздің жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

Кетсеңдағы бізден алыс мәңгілік, Жүрміз әлі сағынышпен қамығып. Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда,

Жадымызда тұрар әркез жаңғырып, - деп, асыл әкеміз Сәкен Оспанұлының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас-20 тамыз күні (19 тамыз-қонақ асы) Шолаққорған ауылы, К.Тұрымбеков көшесі №5 үйде беріледі.

Асқа шақырушылар: жұбайы, ұл-қыздары мен немерелері, Мухашевтар әулеті.

Жемқорлықпен бірге күресейік

Жемқорлықпен күресу- Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының маңызды стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресу-дегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері талқыланды «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлықты түсіндіруге жол бермейді», әкімшілік іс жүргізу кодексінің талаптары, экстремизм мен діни терроризмнің алдын алу. Кездесу соңында дөңгелек үстелдің қатысушылары бірауыздан қорытындыға келді, бұл күрестің жемқорлыққа жол бермейтіні шексіз болуы керек. Тек бірлескен күш-жігер арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Бекзат МУҚАНОВ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау майоры.

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді, ҚР Ардагерлер қоғамдық бірлестігінің 35 жылдығына орай 2022 жылдың тамыз айының 26 жұлдызында аудандық орталық емханамамызда **АШЫҚ ЕСІК** күні өткізілетіндігін хабарлаймыз!

Осы ретте, ауданымыздың жоғары санатты дәрігерлері аудан қарттарына кешенді медициналық тексерулер жүргізеді.

Ашық есік күні аясында дәрігерге дейінгі кабинет, ерлер және әйелдерді қарап тексеру кабинеттері, жалпы тәжірибелі дәрігерлер және бейін мамандары (невропатолог, кардиолог, офтальмолог, оториноларинголог, хирург, травматолог) кеңестері, сондай-ақ қан талдауы, ЭКГ, УДЗ, флюорография, бойынша зертханалық зерттеулер жүргізеді.

Қажет болған жағдайда көрсеткіштер бойынша пациенттер одан әрі терең тексеру үшін қымбат тұратын диагностикалық зерттеулерге (КТ, МРТ) жіберілетін болады.

Осыған орай ауданымыздың қарттарын медициналық профилактикалық тексерулерден өтуге шақырамыз!

Аудандық орталық аурухана.

Шолаққорған ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық мүшелері назарына!

Шолаққорған ауылдық округінің Жеткіншек, Абай, Балдысу және Қарабұлақ елді мекендерінде атауы жоқ көшелерге жаңадан атау беру мақсатында аудан әкімінің келісімі негізінде өтетін жергілікті қоғамдастық жиыны кестесін ұсынамыз

Шолаққорған ауылдық округінің Жеткіншек елді мекені бойынша:

К/с	Өтетін орны	Өтетін мерзімі	Өтетін уақыты
1	№1 атауы жоқ көше	19.09.2022 жыл	Сағат 09:00
2	№2 атауы жоқ көше	19.09.2022 жыл	Сағат 09:30
3	№3 атауы жоқ көше	19.09.2022 жыл	Сағат 10:00
4	№4 атауы жоқ көше	19.09.2022 жыл	Сағат 10:30

Шолаққорған ауылдық округінің Абай елді мекені бойынша:

К/с	Өтетін орны	Өтетін мерзімі	Өтетін уақыты
1	№1 атауы жоқ көше	19.09.2022 жыл	Сағат 15:00
2	№2 атауы жоқ көше	19.09.2022 жыл	Сағат 15:30
3	№3 атауы жоқ көше	19.09.2022 жыл	Сағат 16:00

Шолаққорған ауылдық округінің Балдысу елді мекені бойынша:

К/с	Өтетін орны	Өтетін мерзімі	Өтетін уақыты
1	№1 атауы жоқ көше	20.09.2022 жыл	Сағат 09:00
2	№2 атауы жоқ көше	20.09.2022 жыл	Сағат 09:30
3	№3 атауы жоқ көше	20.09.2022 жыл	Сағат 10:00
4	№4 атауы жоқ көше	20.09.2022 жыл	Сағат 10:00

Шолаққорған ауылдық округінің Қарабұлақ елді мекені бойынша:

К/с	Өтетін орны	Өтетін мерзімі	Өтетін уақыты
1	№1 атауы жоқ көше	20.09.2022 жыл	Сағат 11:00
2	№2 атауы жоқ көше	20.09.2022 жыл	Сағат 11:30

«Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Қуандық екеуіміз ауылда бірге өстік. Ол бізден екі сынып төмен оқыды. Бала кезінен біртоға, еңбекқор, тындырымды, тілалғыш, ұғымтал жас ретінде танылды. Қандай істі болмасын барлық қабілет-қарымын салып жасайтын.

«Болар бала басынан...» демекші сол жағымды қылығымен мектеп қабырғасында жүргенде-ақ ұстаздарының жүрегінен орын алды. Білім ұясындағы көптеген шаралар оның қатысуынсыз өтпейтін. Талай мәрте жарқырап көптің алдына шығып, бойындағы талантын танытатын. Ауылдастары оның болашағынан мол үміт күтті. Мектеп бітіргеннен кейін жоғары оқу орнына баратын болар деп топшалаған-тын. Десе де Қуандық олай еткен жоқ. Ауылда қалып шаруашылықта еңбек етті. Әуелі шаруашылықтың түрлі науқандық жұмыстарына қатысып, еңбек көрігін қыздырды. Сол уақытта кеңшарда науқандық жұмыстар бірінен кейін бірі сабақта-сып келіп отыратын.

Бойында жұмысқа деген ынта-ықыласы мол Қуандық кеңшар басшылары қайда жұмсаса да мақұл деп тартып кететін. Оны бірде дала қосында механизаторлармен бірге мал азығын дайындау жұмыстарын қызу атқарып жүргенін кездестірсең, енді бірде қой қырқымынан, енді бірде күзгі күйек алуға белсене араласып жүрген кезінде шыраратынмын. Қай науқандық жұмыс болмасын Қуандық оған белсене қатысатын.

Кейін Қ.Сатыбалдиев «Құмкент» кеңшарына көмекші шопан болып кіруге өтініш білдірді. Жас жігіттің бұл ниетін шаруашылық басшылары қуана қабылдады. Өйткені жігерлі азаматтың еңбекке деген құлшынысын бұрыннан біліп, көңілдеріне түйіп жүретін. Шаруа отбасында өскен Қуандыққа бұл сала онша қиындық тудырмайтынын алғашқы күндерден-ақ байқады. Өзі көмекші болып келген шопанның қасында жүріп, бұл кәсіптің қыры мен сырына қанықты. Қыстың қытымыр аясында, жаздың аптапты ыстығында аға шопанымен бірге жүріп көп үйренді. Тәжірибе жинақтады. Еріну дегенді білмейтін жас жігіттен аға шопан да мол үміт күтті. Барлық өмірден көргенін, көңілге түйгенін Қуандыққа үйретті. Әсіресе ол малдың қай уақытта жақсы жайылатынын, жайылымды пайдалану әдістерін, қойды ауру-сырқаудан сақтау жайын, тағы көптеген мәселелерді тұнбай жас жігіттің бойына сіңіре білді. Осылайша Қуандық 3-4 жыл бойы аға шопанның тәжірибе мектебінен өтті. Бұл кәсіпке деген бала кезден бергі қызығушылығы күн санап, тіпті ай өткен сайын арта түсті. Қыс қыстауы Мойынқұмның өркеш-өркеш құмында, жаздық жайлауы көсегенің көк жонында өтті. Даланың әсем табиғаты, гүлдердің жұпар иісі жас жігіттің жанына шуақ құйып, еңбекке деген құлшынысын арттыра түсетін. Оның ойында мен де аға шопан сияқты жеке өз алдыма отар алып жұмыс жасасам деген ізгі ниет тұратын. Ол үшін мол тәжірибе жинақтап, бұл кәсіптің қыры мен сырына қаныға тусу керек екендігін де ұмытқан жоқ.



Бақытын еңбектен тапқан...

Сол бала күнгі арманның биік шыңына шығу жолында аянбай тер төккен жас әбден қалыптасқаннан кейін барып қана аға шопан болуға бел бұды.

Шаруашылық басшылары да Қуандықтың бұл ойына қарсы бола қойған жоқ. Өйткені ол бұл кезде көмекші шопан болып жүріп өзінің тындырымдылығын, іскерлігін, жұмысқа шынайы берілгендігін таныта білді. Ауылдастары оны тындырымды жігіт деп мінездейтін. Айтса айтқандай ол мақтауға лайықты азамат еді. Талай мәрте жақсы жұмысымен көрінген ол марапаттауларды да көп иеленді. Өзі көмекші шопан болып жүрген кезінде талай қиындықты басынан кешіргені әлі есінде.

Қыстың күні болатын. Бұлар Үшкөкшенің құмындағы «Баянжалды» қыстап отыратын. Әлі есінде қаңтар айының қақаған аязды күндері еді. Бұл күні таңертең отарын күн ұясынан көтерілмей тұрып өріске беттетті. Таңертеңгі шыңылтыр аяз бетті шымшылайды. Ол күндегі дағдысы бойынша қалың киініп алған.

Кенет түстен кейін күн бұзылып төңіректі тұман баса бастады. Тұман бірте-бірте қоюлана түсті. Отарының шетін қайтарып, бытырай жайылған қойларды жинап алды. Қасындағы Бөрібасары да төңіректен қасынан шықпайды. Қыстың қысқа күні лезде-ақ батып үлгерді. Тұман қараңғылыққа ұласып, төңіректі көрсетпей тастады. Ауылдың қай тұста екенін байқап болмайды. Қуандық сонда адасқанын түсінді. Беталды айдай

берсе тағы болмайды деп түйді. Сонымен отарын бір жерге иірді де айнала от жағып, қойларды шашау шығармай отырды. Қыстың күні таң ұзақ. Уақыт өтпейді. Түз тағылары келе ме деп одан да қауіптенді. Абырой болғанда итқұс бой көрсетпеді. Соған шүкіршілік еткен Қуандық не де болса таңның атқанын күтті. Бойы сексауылдың отына жылынған соң онша тоңа қойған жоқ. Сөйтіп ол көрер таңды көз ілдірмей атырды. Таңға қарай тұман да сөйіле бастады. Қаракер атын жайылсын деп отқа қойған еді. Ол да ұзай қоймапты. Ер салып, оның аяғындағы тұсауын ағытты. Оқыранып иесіне қарап қояды.

Бұл кезде аға шопан да көмекшісіні іздеп, төңіректі шарлап ұйқы көрмепті.

Бір уақытта: «Қуандық, Әй Қуандық!» деген дауыс естіледі. Қараса, жанұшырып аға шопан түйесін желдіртіп келеді екен. Келген бетте Қуандықты құшақтай алды.

«Амансың ба, айналайын,-деп өбектеп жатыр. -Тоңып қалдың ғой, Үйге қайт,-деп мұны үйге қайтарып жіберді.

Бұл оқиғаны ауылдағылар да естіген екен. Олар да Қуандықтың бұл ісіне ризашылықтарын білдірді.

Міне, Қуандық Сатыбалдиевтің көмекші шопан болып жүрген кезіндегі бастап кешкен оқиғасы осындай еді. Кейін Қуандық ұжымшыларға аға шопан болып қабылданды. «Жас келсе, іске» демекші әуелгіде тоқты отарын қабылдап алды. Келесі жылы тұсақ отарынан төл алудан аудандағы маңдай алды шопандардың қатарынан көрінді. Шаруашылық басшылары да іскер жастың уәде үдесінен шыққанына дән риза болды.

Аға шопан содан кейін жыл сайын

бағымындағы қойлардың өз төлі есебінен көбеюіне қомақты үлес қосты.

Жыл қорытындысы бойынша Қуандық жыл сайын құрмет тақтасынан түскен жоқ.

Байырғы аға шопан, Қызылкөл ауылының тұрғыны Медеу Бейсенбиев айтады:

«Қуандықты бала кезінен білемін. Өте қарапайым, ақкөңіл, өз ісіне шынайы берілген жас. Ол кішкентайынан атасының тәрбиесінде өсті. Сондықтан болар ұғымтал. Қандай шаруаны болмасын тиянақты атқаратын. Өзі құралпы балалар сияқты көп ойнамайтын. Көбінесе іспен шұғылданып жүруші еді. Кейін мектеп бітіре салысымен шопандыққа келіп әріптес болдық. Тәжірибемізді айтып, ақыл-

кеңесімізді беретінбіз. Көбінесе ағаларына құрмет көрсетіп, ізет сақтап жүреді. Бұл жағынан келгенде бұл ініміз көпке үлгі.

Жақсы жұмыстарының нәтижесін алғашқы еңбек жолынан бастап-ақ көрсете бастады. Шопандар тойында талай мәрте бас жүлдені қанжығасына байлап қайтты. Уақыт өте келе біздер зейнеткерлікке шықтық та ол біздің ізімізді басып шопандық кәсіпті жалғастырды.

Сырттай оның тілеуқоры болып жүреміз. Жеткен жетістіктеріне қуанамыз. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші Қуандықтың жасап жүрген игілікті ісі қашанда көпке үлгі-өнеге,-деді.

Ұжымшар тарқаған соң Қ. Сатыбалдиев «Құмкент» өндірістік кооперативінде аға шопан болды. Бұл кезде де ол өзге әріптестеріне көш басшы болып бағымындағы отарды өз төлі есебінен көбейтуге мол үлес қосты. Жастарды шопандық кәсіпке баулуға шақырып, тәжірибесімен бөлісті.

Қазіргі таңда Қуандық жеке шаруа қожалығын ашып, шопандық кәсібін әрмен қарай жалғастыруда.

Жеке меншігінде автокөлігі бар. Сол көлікпен өзінің кешу жұмыстарын атқарады. Бағымында төрт түліктің барлық түрі бар. Отбасында өмірлік жұбайы екеуі қиындығы мен қызығы мол кәсіптің ыстығы мен суығына әбден қанығып, еңбек етуде.

Зейнет жасына жеткенше шопан таяғын қолымнан тастамай жұмыс жасай беремін деп еді бір кездескен сәтінде Қуандық.

Ия, өз бақытын еңбектен тапқан азаматқа жасаған жұмысының жемісін көре бер деген тілек арнағанды дұрыс көрдік.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Шаймен Рәтбек Шайдарұлы 1970 жылы Раң ата ауылында туылған. 1988 жылы Қарағұр ауылындағы он жылдық мектепті бітірген. Мектепті бітірген соң әскер қатарына алынған. Әскери борышына сонау Чехословакия мемлекетінде атқарған. Екі жыл әскерде болып, елге оралған. Әскери борышын өтеу кезіндегі үлгілі, озат тәртіпті болғаны үшін командирлерден алған 2-3 мақтау грамоталары бар екен. Елге келген соң, Раң ата ауылына

Қан алатын емші

имам болып он жыл қызмет атқарған. Үлкен аталарының тәуіптік қасиеттері бар екен, солардан дарыды ма екен.

Рәтбек адамдардан қан алуды меңгеріпті. Білімін жетілдіру үшін Рәтбек Алматыға оқуға барады. Ол жерде алты ай оқып, қан алудың түрлі әдіс, тәсілдерін үйре-

неді, меңгереді. Нәтижесінде «мануальный терапия» маманы сертификатын алады. Қазіргі кезде емші Рәтбек Созақ ауылындағы Сүлейменов Әбдіразақтың ауруханасынан бір бөлме алып қан алу жұмысын жүргізіп жатыр. Жоғары қан қысымы бар, басы ауыратын, немесе екі

қолы көтертпей қалатын, белі ауыратын кісілерді емдеп жатыр. Мен (автор) басым ауырып, қан қысымым жоғарылап, желкемде де майда бөрткендер шығып зам кетті. Рәтбек балама емделуге бардым. Менің басымнан, жауырынымнан, белімнен қан алды. Нәтижесінде

басымның ауырғаны басылып, жеңілдеп, көзім шарадай ашылып, ауруымнан жазылдым. Денем жеңілдеп қалды. Газет арқылы Рәтбек балама рахметімді айтуды жөн көріп, осы мақаланы жазып отырмын.

Рәтбек балам саған үлкен рахмет. Жұмысқа сәттілік тілеймін,-деп аталық батамды беремін.

**Елтай ЕСТАНҰЛЫ,
Созақ ауданының
Құрметтің азаматы,
зейнеткер ұстаз.**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

**Директордың міндетін
уақытша атқарушы:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**

**Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.